

ISSN 2310-3353



ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

Қостанай мемлекеттік
педагогикалық институтының

ЖАРШЫСЫ

№ 2

2015

PUBLISHINGS
of **Kostanay State**
Pedagogical Institute



Қостанай мемлекеттік
педагогикалық
институтының
ЖАРИЫСЫ

ВЕСТНИК
Костанайского
государственного
педагогического
института

2015 ж. сәуір, №2 (38)
Журнал 2005 ж. қантардан бастап шығады
Жылына төрт рет шығады

Бұрылттайшы: *Қостанай мемлекеттік педагогикалық институт*

Бас редактор: Қ.М. Баймырзаев,
география ғылымдарының докторы, профессор

Бас редактордың орынбасары: Е.А. Әбіл,
тарих ғылымдарының докторы, профессор

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ

Бережнова Е.В., педагогика ғылымдарының докторы, ММХҚИ, Ресей
Амирова Б.А., психология ғылымдарының докторы, Е.А. Букетов атын. ҚарМУ, Қазақстан
Елагина В.С., педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ЧелМПУ, Ресей
Рудик Г.А., педагогика ғылымдарының докторы, профессор, PhD д-ы, «Шекарасыз заманауи білім беру» орталығының директоры, Монреаль қ., Канада
Катцнер Т., Батыс Вирджиния Университетінің профессоры, PhD докторы, АҚШ
Кайе Ж., философия ғылымдарының докторы, Виа Домисия Университетінің профессоры, Перпиньян қ., Франция
А. Күзембайұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚМПИ
Брагина Т.М., биология ғылымдарының докторы, профессор, ҚМПИ
Важев В.В., химия ғылымдарының докторы, профессор, ҚМПИ
Қуанышбаев С.Б., география ғылымдарының докторы, АМПИ
Сивохин И.П., педагогика ғылымдарының докторы, ҚМПИ
Ахметов Т.А., педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, ҚМПИ
Төлеген М.Ә., (PhD) философия докторы, заң ғылымдарының кандидаты, доцент, ҚМПИ

Нөмірдің жауапты редакторы:
Б.Ш. Баймұхамбетова, (PhD) философия докторы

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

Федоров А.И., педагогика ғылымдарының кандидаты
Орал мемлекеттік дене шынықтыру университеті, Ресей
Утегенова Б.М., педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, ҚМПИ
Кудрицкая М.И., педагогика ғылымдарының кандидаты, ҚМПИ
Смазлий Т.И., педагогика ғылымдарының кандидаты, ҚМПИ
Қонысбаева Д.Т., биология ғылымдарының кандидаты, доценті, ҚМПИ
Брагин Е.А., биология ғылымдарының кандидаты, ҚМПИ
Демисенов Б.Н., физика-математика ғылымдарының кандидаты, ҚМПИ
Наурызбаева Э.К., тарих ғылымдарының кандидаты, ҚМПИ
Әлібек Т.К., тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, ҚМПИ
Огиенко Н.А., педагогика ғылымдарының кандидаты, ҚМПИ
Есіркепова К.К., филология ғылымдарының кандидаты, доцент, ҚМПИ

Тіркеу туралы кәуәлік №8786-Ж
Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігімен
19.11.2007 берілген.
Жазылу бойынша индексі 74081

Редакцияның мекен-жайы:
110000, Қостанай қ., Таран к., 118
(редакциялық-баспа бөлімі)
Тел. (7142) 53-34-71

ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ САРАПТАМАЛЫҚ-ШОЛУ ЗЕРТТЕУЛЕР

ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ И ОБЗОРНО-АНАЛИТИЧЕСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ

<i>Амантаева А.Б. Рахат Н. Қ</i> - Қазақстан Республикасындағы гендерлік саясат	3
<i>Анасова А.Б. Исенова А.Т.</i> Мемлекеттік думадағы қазақ депутаттары және жер-су мәселесі	7
<i>Анасова А.Б. Қазымбекова Т.Н. Б.Сыртановтың</i> "Ынтымақ ережесі" және ел басқару мәселесі.....	12
<i>Духин Я.К.</i> «Лишен всех прав состояния и отдан на службу... рядовым» («поэт А.Н.Плещеев. ссылка).....	18
<i>Жаркова В.И. Конвисарова Л.А.,</i> Методика комплексного анализа прозаического текста	28
<i>Серикбаева Н.С. Қанатина С.Ф., Жазықова Т.Б., Жазушы Т. Ахтановтың</i> "Боран" шығармасындағы фразеологизмдердің қолданыс ерекшелігі.....	33
<i>Серикбаева Н.С. Қанатина С.Ф., Міркемел А.М.</i> І.Есенберлиннің «Жанталас» романындағы фразеологизм құрамындағы көнерген сөздердің семантикасы	40
<i>Товбин К.М.,</i> Дугинизм как версия традиционализма	45
<i>Шевченко Л.Я., Назарова С.В.,</i> Культура как предмет взаимодействия общества и личности	57
<i>Шевченко Л.Я., Назарова С.В., Воронова Ю.,</i> Особенности и основные проблемы современной молодой семьи	61

ЭМПИРИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ЭМПИРИЧЕСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ

<i>Баубекова Г.К.,</i> Географический анализ показателей сферы жилищного строительства костанайской области за период с 2003-2013 годы.....	65
<i>Кан Ж.И. Агибаева Ж.М.</i> Связь уровня стрессоустойчивости с личностными и поведенческими особенностями студентов-психологов	72
<i>Коньсбаева Д.Т., Рулева М.М, Орманбекова Д.О., Асылгереев Д.М., Жакупов А.Ж., Досова А.К.,</i> Рекультивация отвалов железорудного карьера (на примере ССГПО)	80
<i>Уразымбетова Б.Б., Алина А.Е.,</i> Территорияны көгалдандыру – Қостанай қаласында экологиялық жағдайды жақсартудың бір жолы	84

ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

МЕТОДИКА И ТЕХНОЛОГИЯ ПРЕПОДАВАНИЯ ДИСЦИПЛИН

<i>Арсеева С. Б., Смирнова Л. Н.,</i> Современный урок как интегрирующий фактор в формировании ключевых компетентностей 12-летней школы.....	89
<i>Арсеева С.Б. Кенжебаева Ж.Қ</i> Бала тәрбиелеудегі халықтық педагогиканың ролі	95
<i>Беркенова Г.С., Айдархан Ж.Ж.,</i> Ғылыми үйірмелер білім алушылардың кәсіби бағыттылығын қалыптастыру құралы ретінде	104
<i>Жумағалиева Б.М., Кобең Т.С.,</i> Методика экспериментального тура IV республиканской олимпиады студентов по химии	109
<i>Севостьянова С.С., Бродельщикова Л.Е</i> Рабочая тетрадь как одно из средств обучения детей с ЗПР и развития у них познавательных процессов	114

ЖАС ЗЕРТТЕУШІЛЕРДІҢ ҒЫЛЫМИ ЕҢБЕКТЕРІ

НАУЧНЫЕ РАБОТЫ МОЛОДЫХ ИССЛЕДОВАТЕЛЕЙ

<i>Байзақов А.М.,</i> Основания применения мер пресечения в уголовном процессе Республики Казахстан.....	118
<i>Тебенбаев Т.Н.</i> Обыск и выемка, как следственные действия	122
<i>Шегенова Ж.Н.</i> Исламдағы әйелдің орны.....	126

Памяти Рамазановой Гульнар Каберовны	130
--	-----

АВТОРЛАРДЫҢ НАЗАРЫНА • ИНФОРМАЦИЯ ДЛЯ АВТОРОВ

сақтандырады. Екіншіден – қызды келешек отау иесі деп санап, қазан ұстай білуге, асты баптап пісіруге, қонақ күте білуге үйрету көзделеді.

3. Қорытынды.

Сонымен, жоғарыда халық мұрасының ішінен адам тіршілігіне байланысты көне және бүгінгі күннің салт-дәстүрлерінің негіздері ғана сөз болды. Салт-дәстүр – ана сүті арқылы қанға сіңіп, санаға дариды. Ұлттық рухта салт-дәстүр бағытында тәрбие алмаған, тілін, дінін, ойынын, дәстүрін дұрыс білмеген ұрпаққа Отанды қорғауға сенім арту, болашақтың тізгінін ұстату үлкен қате. Осыдан “Есек барға саналса да, малға саналмайды” деген сөз еріксіз есіне түседі.

Ұзын сөздің қысқасы дәстүр, салт қашан да адам қиялынан туындап, заман ағымына қарай байып, мазмұны тереңдеп отырады. Халқымыздың ежелден желісі үзілмей жеткен көне салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары рухани, мәдени және адамгершілік дүниеміздегі қымбат қазыналарымыздың бірі. Осы айтылғандардан әркім өзіне керектісін, көңіліне ұнағанын, көкейіне қонғанын қабылдап, бала тәрбиелеуде қолданса, оны ұлтымыздың озық салт-дәстүрлерімен байланыстырып, байытып мазмұндандыра түссе, нұр үстіне-нұр болар еді.

Әдебиет тізімі:

Кенжеахметұлы С. Жеті қазына. Алматы: Ана тілі, 2002. – 136 б.

Кенжеахметұлы С. Ұлттық әдет-ғұрыптың беймәлім 220 түрі. (Көмекші оқу құралы). Алматы: Санат, 1998. – 256 бет.

Қалиев С., Оразаев М., Смайлова М. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. (Оқу құралы) Алматы: Рауан, 1994. – 224 бет.

Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. Алматы, 1996.

Қалиев С. Қазақтың халықтық тәлім-тәрбиесінің ғылыми педагогикалық негіздері. Диссертация. А., 1996.

УДК 378

ҒЫЛЫМИ ҮЙІРМЕЛЕР БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ КӘСІБИ БАҒЫТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

Беркенова Г.С.,
кандидат педагогических наук,
доцент, А.Байтұрсынов ат. ҚМУ
Айдархан Ж.Ж.,
оқытушы, ҚМПИ,
Қостанай қ., Қазақстан

Аннотация

Мақалада білім алушылардың кәсіби бағыттылығын қалыптастыру құралының бірі – білім беру үрдісінде ғылыми үйірмелерді ұйымдастыру мүмкіндіктері қарастырылған. «Кәсіби бағыттылық», «ғылыми үйірмеі» ұғымдарына сипаттама беріліп, ғылыми үйірменің білім алушылардың кәсіби бағыттылығын қалыптастыру құралы ретіндегі тәжірибелік нәтижесі баяндалған.

Аннотация

В статье рассматриваются возможности организации научного кружка в учебном процессе как одним из средств формирования профессиональной направленности обучающихся. Также даны определения терминам «профессиональная направленность», «научный кружок» и описан экспериментальный результат формирования профессиональной направленности обучающихся.

Abstract

In this article the possibilities of a scientific circle organization in the educational process as a formation of a students' professional orientation are investigated. Moreover the definitions of "professional orientation", "scientific circle" are given. In addition, article described experimental results of formation of students' professional orientation.

Түйінді сөздер: кәсіби бағыттылық, ғылыми үйірме.

Ключевые слова: профессиональная направленность, научный кружок.

Key words: professional orientation, scientific circle.

1. Кіріспе.

Қоғамның саяси, экономикалық және рухани өмірінде болып жатқан үрдістер жоғары оқу орындарында дайындалып жатқан болашақ мамандардың зияткерлік мүмкіндіктерін қалыптастыру мәселесін қайшыластырып отыр. Жоғары оқу орындарында білім алып жүріп, студенттер қоғамдық ұйымдардың, шығармашылық ұжымдардың дайындығынан өте отырып, нақты өмірлік бағдарды, ғалымға, жетекшіге, қоғамдық қайраткер үшін қажет ұйымдастырушылық дағдыны иеленеді.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауында жастарға ерекше көңіл бөледі. Өз сөзінде Елбасы: «Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Қазіргі әлемде жай ғана жаппай сауаттылық жеткіліксіз болып қалғалы қашан. Біздің азаматтарымыз үнемі ең озық жабдықтармен және ең заманауи өндірістерде жұмыс жасау машығын меңгеруге дайын болуға тиіс... Жоғары оқу орындары білім беру қызметімен шектеліп қалмауы тиіс. Олар қолданбалы және ғылыми-зерттеушілік бөлімшелерін құруы және дамытуы қажет», - дей келе, еліміздің экономикалық және әлеуметтік дамуының қазіргі шарттары жоғары оқу орындарының педагогикалық ұжымынан кәсіби білім, білік және дағды иегерін ғана қалыптастырып қоймай, табанды, өз бетінше шешім қабылдай алатын, өзінің ақыл-өрісін өзі дамыта алатын маман қалыптастыруды қажет екендігін атап көрсетті.

Ұлт көшбасшысы айқындап берген жолға түсіп, мақсатқа жету үшін өзіндік ізденімпаз, сындарлы ойлайтын және де ақпаратты терең талдайтын мамандар қажет. Осы жағдайда жоғары оқу орындарының, соның ішінде болашақ мұғалімдерді дайындайтын жоғарғы мектептердің маңызы зор. Себебі, келешек мамандарды дайындайтын мұғалімдер, бұл бүгінгі студенттер. Сондықтан жоғары оқу орындарында мамандарды дайындау жүйесі үшін оқу-зерттеу іс-әрекетінің құралдарын белсенді қолдану арқылы білім алушы тұлғасын өзін-өзі дамыту үшін жағдай жасау міндеттері аса маңызды болып отыр. Сын тұрғысынан ойлайтын, қоғам талаптарына сай, өз бетінше жұмыстың мақсаты мен кезеңдерін айқындап, шешім қабылдай алатын жан-жақты дамыған шығармашыл тұлға қалыптастыруда оқу-зерттеу іс-әрекетінің бағыттарының бірі - ғылыми үйірмелердің маңызы зор.

Түлектердің жоғарғы мектепті бітіргеннен кейінгі кезеңнің жағдайларына бейімделуіндегі қиындықтар жоғары оқу орындарында оқытудың барлық кезеңі бойында кәсіби бағыттылықты қалыптастыру қажеттігін негіздейді.

Білім алушылардың кәсіптік бағыттылығын қалыптастырудағы оқу-зерттеу іс-әрекетін жүзеге асырудың педагогикалық шарттарының бірі - білім алушылардың ғылыми-зерттеу іс-әрекетінің мазмұнын, кезеңдерін, құрылымын меңгеріп, зерттеу біліктерін қалыптастыруға ықпалын тигізетін ғылыми үйірмені ұйымдастырумен байланысты.

Ғылыми үйірмелер арқылы білім алушылардың бойында зерттеу біліктері қалыптасады, ал бұл жоғарғы курстар мен алдағы кәсіби іс-әрекетінде ғылыми-зерттеу іс-әрекетінің тиімді негізі болады. Білім алушылардың ғылыми үйірмелерге тарту арқылы олардың кәсіби бағыттылығын қалыптастыруға жағдай туады.

2. Материалдар мен әдістер.

Зерттеу жұмысының негізгі теоретикалық және әдістемелік бағыттарына кәсіби даярлық теориясы (Ш.А.Абдраман, Б.Т.Кенжебеков, Ш.Т.Таубаева, Ы.А.Нәби, Б.Ф.Ломов, К.М.Дурай-Новакова, Н.Д.Хмель, В.А.Сластенин, М.И.Дьяченко, Н.А.Кандыбович, А.И.Мищенко); педагогикалық үрдістің тұтастығы теориясы (Н.Д.Хмель, В.В.Ильин, Ю.К.Бабанский); білім беруде зерттеу іс-әрекетін қолдану ойы (В.И. Андреев, С.В. Герасименко, В.И. Загвязинский, В.В. Краевский, П.И. Пидкасистый, В.А. Сластенин, Г.И. Щукина) және т.б. жатады.

Зерттеу әдістерінің жиынтығы жұмыстың теориялық-әдістемелік деңгейінің бірлестігін қамтамасыз етті: ғылыми дерек көздері мен бағдарламалық-әдістемелік құжаттарға теориялық талдау жасау, диагностикалық әдістер (сауалнама, бақылау, әдістемелер), педагогикалық іс-тәжірибені талдау, тұжырымдау, жинақтау, педагогикалық эксперимент.

3. Нәтижелер.

Қазіргі таңда кәсіптік бағыттылық мәселесіне көп көңіл бөлінуде. Себебі, адамның іс-әрекеті таңдамалы сипатта болғандықтан тұлғаның аса маңызды қасиеттерін бөліп қарастыру, дамытуды және оларды басты әлеуметтік функцияларды орындауға бағыттау қажет етеді.

Мұғалім тұлғасының кәсіптік бағыттылығына басар назар аударылуы қажет. Себебі оның кәсіби еңбегі мен кәсіби іс-әрекетінің деңгейінен білім сапасы мен қазіргі заман талабына сай тұлғаның қалыптасуы тікелей бағынышты.

Кәсіби бағыттылықты біршама алыс және шетел ғалымдары өз зерттеу жұмыстарының нысанасы еткен. Мәселен, В.М.Большов, М.Ю.Диканова, Г.М.Коджаспирова, Г.Б.Корсаков, Т.Б.Михайлова, А.Е.Подобин, Н.В.Кузьмина, Е.М.Никиреев, В.А.Сластенин, А.А.Вербицкий және тағы басқалар.

ЖОО-да оқытудың кәсіби бағыттылығының психологиялық-педагогикалық аспектілерін М.И.Дьяченко, В.И.Загвязинский және тағы басқалар өз зерттеулеріне арқау етті.

Кәсіби бағыттылықты қалыптастыруға көптеген ғалымдардың зерттеулері А.Е.Голомшток, Л.А.Иовайша, А.П.Сейтешев, К.К.Платонов, А.А.Вербицкий, Ю.Н.Калюткин, Г.С.Сухобская және т.б. арналған.

Қазақстандық ғалымдар арасында Ж.Н.Садуова, А.А.Рыскельдина, Р.Б.Исмаилова, А.И.Балабаева, З.А.Маханова және т.б. өз еңбектерінде тұлғаның кәсіби бағыттылығын жан-жақты қарастырып, кәсіби бағыттылықты қалыптастырудың жолдарын зерттеген.

Жоғары оқу орны білім алушылардың кәсіби бағыттылығын қалыптастыруға ықпал ететін ғылыми үйірмелерді ұйымдастырудың тиімділігі экспериментальды түрде тексерілді.

Тәжірибелік-экспериментальды жұмысқа 3 топ қатысты: бір бақылау тобы (БТ) және екі экспериментальды топ (ЭТ-1, ЭТ-2). Бақылау тобына енген білім алушылар саны – 17, экспериментальды топқа – 34. Зерттеу жұмысына қатысқан білім алушылар саны – 51.

Ғылыми үйірмелер білім алушылардың кәсіби бағыттылығын қалыптастыру мүмкіндігін анықтау мақсатында төмендегідей педагогикалық-психологиялық әдістемелер қолданылды:

1. Е.М.Никиреевтың модификациясындағы Н.В.Кузьминаның тұлғаның кәсіби-педагогикалық бағыттылығын зерттеу әдістемесі;

2.Т.Т.Ильинаның «Оқу іс-әрекетінің мотивациясы» білім алушылардың оқу мотивтерін зерттеуге бағытталған тест-сұрағы.

Тәжірибелік-экспериментальды жұмыстың анықтаушы, қалыптастырушы кезеңдерінен кейінгі нәтижелер білім алушылардың кәсіби бағыттылығын қалыптастыру құралы ретінде ғылыми үйірменің маңыздылығын көрсетті.

Бірінші экспериментальды топта ғылыми үйірме ұйымдастырылды.

Ғылыми үйірменің атауы «Ыбырайтану» деп алды. Ғылыми үйірме өз жұмысын зерттеу базасының музейімен бірлесіп атқарды. Үйірмеге қатысушылар музейдегі Ы.Алтынсарин және оның ізбасарларына байланысты тың материалдарды қолдана отырып, баяндамаларын дайындады. Сонымен қатар, үйірмеде тек Ы.Алтынсарин мен оның ізбасарларымен

бірге А.С.Макаренконың, Л.Н.Толстойдың, А.Байтұрсыновтың, М.Жұмабаевтың ағартушылық қызметімен де танысты.

Ғылыми үйірме айына бір рет жиналды. Үйірмеге қатысушалар бірлесіп баяндамалар дайындап, оларды қорғады.

Баяндама тақырыптары:

1. Ы.Алтынсариннің педагогикалық мұралары.
2. Н.Құлжанова – мектепке дейінгі білімінің негізін қалаушы.
3. Ы.Алтынсариннің ізбасары Ғ.Балғынбаев.
4. Қ.Топаевтың педагогикаға қосқан үлесі.
5. С.Көбеев Ы.Алтынсариннің түлегі.
6. В.Васильев Ы.Алтынсариннің ізін жалғастырушы.
7. Ы.Алтынсарин медалінің иегерлерінің педагогикалық қызметі.
8. С.Макаренконың педагогикалық мұралары.

Ғылыми үйірме ұйымдастырылып, қалыптастыру кезеңінен кейін тұлғаның кәсіби-педагогикалық бағыттылығында пайда болған өзгерістерді анықтайтын Е.М.Никиреевтың модификациясындағы Н.В.Кузьминаның тұлғаның кәсіби-педагогикалық бағыттылығын зерттеу әдістемесі қолданылды. Нәтижесі кесте 1 көрсетілген.

Әдістеме нәтижесі экспериментальды және бақылау топтарында өзгерістердің пайда болғанын аңғартады. Анықтаушы эксперимент кезеңімен салыстырғанда білім алушылардың кәсіби-педагогикалық бағыттылығының түрлерінде айтарлықтай болмаса да өзгерістердің болғанын көрсетеді. Педагогикалық бағыттылық БТ сыналушыларында 35,3%-ға, ЭТ-1 – 18,8%-ға, ЭТ-2 – 38,9%-ға ұлғайғандығын байқатады. Бұл білім алушылардың осы мамандықта істеу қабілеттілігіне сенімділігінің көтерілгендігін, мектепте жұмыс істеу, мұғалім болу мотивтерінің ұлғайғанын көрсетеді. Керісінше сыналушылар арасында жағдаяттық мотивтің төмендегені байқалады.

Кесте 1

Бақылау және экспериментальды топтардағы білім алушылардың кәсіби-педагогикалық бағыттылығының түрлерінің айқындалуы (бақылау кезеңі)

Топтар	Кәсіптік-педагогикалық бағыттылықтың түрлерінің айқындалуы					
	Жағдаяттық бағыттылық		Пәндік бағыттылық		Педагогикалық бағыттылық	
	саны	%	саны	%	саны	%
БТ (17 адам)	3	17,6	7	41,2	7	41,2
ЭТ-1 (16 адам)	2	12,5	8	50	6	37,5
ЭТ-2 (18 адам)	2	11,1	7	38,9	9	50

Нәтижелер мынадай: БТ-17,7%-ға, ЭТ-1 – 12,5%-ға және ЭТ-2 – 16,7%-ға кемігендігі байқалады. Бұл білім алушылардың педагогикалық іс-әрекетке қызығушылығының артқанын, педагогикалық еңбектің қоғамдық маңызына, жастар мен балалармен жұмыс істей алмау қабілетіне сенімділігіне, сүйікті пәнмен мектепте жұмыс істеу мүмкіндігіне көзқарастарының өзгергендігін көрсетеді. Сыналушылардың педагогикалық бағыттылығында көлемді өзгерістер болмағандығы анықталды: БТ-17,6%-ға кеміген, ЭТ-1-6,3%-ға және ЭТ-2-22,2%-ға кемігені анықталды. Бұл білім алушылардың сүйікті пәндерін педагогикалық іс-әрекетте де жүзеге асыруды қарастыруға болатындығын көрсетеді, яғни білім алушылардың кәсіби-педагогикалық бағыттылығы арта түскендігі көрінеді. Әдістеме нәтижелері білім алушылардың кәсіби бағыттылығын қалыптастырудағы ғылыми үйірмелерді ұйымдастырудың тиімділігін көрсетеді.

Білім алушылардың оқу мотивтерін зерттеу үшін Т.Т.Ильинаның «Оқу іс-әрекетінің мотивациясы» атты тест-сұрағын бақылау кезеңінде қайта қолдандық. Әдістеменің нәтижесі кесте 2 көрсетілген.

Кестеге назар аударсақ зерттеуге қатысушы сыналушылардың оқу мотивтерінде өзгерістер болғанын байқауға болады.

Әдістеме нәтижелеріне нақтырақ тоқталып өтсек, бақылау тобында «Білім алу» шкаласы бойынша жоғары деңгей – 5,8%, орташа – 0,2%, төмен – 5,8%-ға азайғанын байқаймыз. ЭТ-1 «Диплом алу» көрсеткіші – жоғары деңгей –30,2%-ға, орта –23,6%-ға, төменгі – 37,4%-ға азайса, ЭТ-2 – жоғары деңгей – 38,8 %-ға, орта – 11,1%-ға, төменгі – 49,9%-ға азайғанын көреміз.

«Мамандықты меңгеру» шкаласы жоғары деңгейде БТ – 29,4%, ЭТ-1 – 31,3%, ЭТ-2 – 33,4%-ға өсті. Осы шкала бойынша орта деңгей БТ – 11,8%, ЭТ-1 – 6,2%, ЭТ-2 – 11,2% өзгерсе, төменгі деңгей бойынша БТ – 17,6%, ЭТ-1 – 25,1%, ЭТ-2 – 22,2%-ға өзгерді. Ал «Білім алу» шкаласы жоғары деңгейде БТ – 35,3%-ға, ЭТ-1 – 37,5%-ға, ЭТ-2 – 44,5%-ға өзгерді. Орта деңгей бойынша БТ – 5,9%, ЭТ-1 – 18,8%, ЭТ-2 – 16,7%-ға өзгеріс болса, төменгі деңгей БТ – 29,4%, ЭТ-1 – 18,7%, ЭТ-2 – 27,8%-ды құрады.

Кесте 2
Білім алушылардың оқу мотивациясы (бақылау кезеңі)

Топ	Білім алушылардың оқу мотивтері																	
	Білім алу						Мамандықты меңгеру						Диплом алу					
	төмен		орташа		жоғары		төмен		орташа		жоғары		төмен		орташа		жоғары	
	саны	%	саны	%	саны	%	саны	%	саны	%	саны	%	саны	%	саны	%	саны	%
БТ (17 адам)	2	11,8	5	29,4	10	58,8	2	1,8	5	29,4	1	5,8	8	47	6	35,3	3	17,6
ЭТ-1 (16 адам)	1	6,3	6	37,5	9	56,2	1	6,2	7	43,8	8	50	9	56,2	5	32,3	2	11,5
ЭТ-2 (18 адам)	-	-	7	38,9	11	61,1	-	-	8	44,4	1	5,5	1	61,1	6	33,3	1	5,6

Алынған нәтижелер болашақ мұғалімдердің бойында болашақ мамандықтарына деген қарым-қатынасының өзгергенін. Ендігі жағдайда, білім алушылар үшін ЖОО-да оқу тек диплом алу, емтиханды еш қиналмай тапсырудан гөрі, болашақ мамандығына деген ынтасының, қызығушылығының артқандығын, бар күш жігерін жұмсағысы келетіндігін көрсетті.

Эксперименттің бақылау кезеңінің нәтижесінде эксперименттік топтар мен бақылау топтарының кәсіби бағыттылығының айтарлықтай өзгерістер болғанын көрсетті. Оқыту үрдісінде білім алушыларды ғылыми үйірмелерге тартып, болашақ мұғалім мамандығына байланысты мәселелерді, озық педагогтардың тәжірибесімен танысып, зерттеу арқылы білім алушылардың болашақ мамандығына байланысты қарым-қатынасының жағымды жаққа өзгергендігін анықтадық.

4. Қорытынды.

Зерттеу жұмыстарының нәтижесінде мынадай ұсыныстар жасаймыз:

-Студенттердің кәсіби бағыттылығын қалыптастыруда ғылыми үйірмелерге білім алушыларды бірінші курстан тарту;

-Жоғары оқу орындарында білім алушылардың кәсіби бағыттылығын қалыптастыруда оқу-тәрбие процесінде ғылыми үйірмелерді жүйелі ұйымдастыру.

Әдебиет тізімі

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан – 2050 бағдарламасы»: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. 2012 жылғы 14 желтоқсан. http://www.akorda.kz/kz/page/page_kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-n-a-nazarbaevtyyn-kazakstan-khalkyna-zholdauy-2012-zhylhy-14-zheltoks_1357813742

Садуова, Ж.Н. Жаңа педагогикалық технологиялар арқылы болашақ мұғалімдердің кәсіби бағыттылығын қалыптастыру: пед. ғылым. канд-ты... дис. авторефераты: 13.00.08 / Садуова Ж.Н. – Түркістан, 2008. – 26 б.

Сейтешев, А.П. Профессиональная направленность личности: теория и практика воспитания. – Алма-Ата: Наука, 1990. – 336 с.

Шищенко, Г.А. Педагогические условия формирования профессиональной направленности студентов колледжа физической культуры: автореф. дис... кандидата. педагогических наук.: 13.00.01, 13.00.04 / Шищенко Г.А. – Екатеринбург, 1998. – 21 с.

УДК 372.854

МЕТОДИКА ЭКСПЕРИМЕНТАЛЬНОГО ТУРА IV РЕСПУБЛИКАНСКОЙ ОЛИМПИАДЫ СТУДЕНТОВ ПО ХИМИИ

Жумагалиева Б.М.,
к.х.н., доцент КГПИ
Кобең Т.С.,
м.п.н., преподаватель КГПИ,
г. Костанай, Казахстан

Аннотация

Мақалада IV республикалық студенттердің химия олимпиадасының эксперименттік турының есебі калий бихроматын перманганометрлік әдіспен анықтау тәсілі ұсынылған.

Мақалада әдістің теориялық негіздері, «Нәтижелер және оны талқылау» бөлімінде жұмыстың орындалу алгоритмі көрсетілген. Сонымен қатар темір (II) сульфатын калий перманганатымен титрлеу қисығы және титрлеу барысындағы потенциалды анықтау кестесі берілген. Ұсынылған әдістеме оқытушылар мен студенттерге химия олимпиадасының эксперименттік турына дайындалуға пайдасын тигізеді деп сенеміз.

Аннотация

В статье предложена методика определения бихромата калия перманганометрическим методом экспериментального тура IV республиканской олимпиады студентов по химии. В основной части статьи приведены теоретические основы метода, в пункте «Результаты и обсуждение» показан алгоритм выполнения работы. В статье также приведена кривая титрования раствора сульфата железа (II) перманганатом калия и таблица определения потенциалов в ходе титрования. Предложенная методика может быть полезной студентам и преподавателям для подготовки к экспериментальному туру олимпиад по химии.

Abstract

The paper proposes a method for determination of potassium dichromate method permanganometric experimental round IV Republican Olympiad students in chemistry. In the main part of the paper, the theoretical foundations of the method, under "Results and Discussion" shows the algorithm performance. The article also shows the titration curve of the solution of iron sulfate (II) with potassium permanganate and the table definition in the potential titration. The proposed method can be useful for students and teachers to prepare for the experimental round competitions in chemistry.